№ 13341/2017

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

11 қазан 2017 жыл Қызылорда қаласы

Қызылорда қалалық сотының судьясы Д.Райкуловтың төрағалық етуімен, хатшылықта Г.Берденова болып, прокурор Г.Утеев, арыз беруші Қызылорда облыстық прокурорының сенімхат бойынша өкілі С.Тастанов, мүдделі тұлға Қызылорда облысы бойынша ІІД-нің өкілі Г.Искаков, мүдделі тұлға ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің өкілі Л.Жылкышиеваның қатысуларымен, өзінің ашық сот отырысында мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ақпарат және комуникациялар министрлігінің, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті ақпараттық материалдарды экстремисттік деп тану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салу туралы азаматтық ісін қарап, сот

АНЫҚТАҒАНЫ:

Қызылорда облысының прокуроры ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану және оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салу туралы арызбен сотқа жүгінген.

Арызда, Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің біріңгай тізіліміне 07.01.2017 жылы №174300031000013 санмен ҚР Қылмыстық Кодексінің 174-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс материалына сай Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі № 8 «А» 1 пәтер тұрғыны 19.09.1986 жылы туылған Еримбетов Алмас Алматбекович «В Контакте» әлеуметтік желісі арқылы «https:vk/com/id223163653» электронды жәшігінде «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»; «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»; «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» атты файлдарының мәтінінде діни топтардың арасында ұлттық, діни алауыздықты насихаттау белгілері бар файлдарды жариялағанын, заңды күшіне енген Қызылорда қалалық № 2 сотының 02.06.2017 жылғы үкімімен А.Еримбетов ҚР ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын, ҚР-ның аумағында байланыс

Құжатқа қол қойылған: Райкулов Д. М., 22.10.2017

4319-17-3-1/13354

желілері мен құралдарын экстремизімді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынатын көрсетіп, ҚР АПК-тің 376-бабының талабына сай, соттан файылдарды экстремистік деп танып, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салуды сұраған.

Сот отырысында арыз берушінің өкілі С.Тастанов, арыз қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сотта мүдделі тұлға Қызылорда облысы бойынша ІІД-нің өкілі Г.Искаков арызбен келісетінін көрсетті.

Сот отырысында ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің өкілі Л.Жылкышиева арызбен келісетінін көрсетті.

Басқа мүдделі тұлғалардың өкілдері тиісті түрде хабарланғанымен сотқа келмеді, келмеу себебін сотқа хабараламады, ҚР АПК-тің 196-бабының 4-тармағына сай мүдделі тұлғалардың қатысуынсыз істі қарауға мүмкін деп табады.

Сот, тараптардың түсінігін тыңдап, іс-құжаттарын зерттеп, прокурордың жазбаша қорытындысымен танысып, арыз төмендегі негіздер бойынша қанағаттандырылуға жатады:

ҚР АПК-тің 376-бабының талабына сай Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы арызды прокурор осындай талаптарды мәлімдеген прокурордың орналасқан жері бойынша немесе осындай материалдар табылған жер бойынша сотқа береді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы N 31 Заңының 5, 12- баптарында Экстремизмге қарсы іс-кимыл мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау; экстремизмді анықтау және оның жолын кесу; экстремизмге қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынады. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың өтінішімен сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурордың тұрған жері бойынша немесе мұндай материалдардың табылған жері бойынша экстремистік деп танып, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салады делінген.

Құжатқа қол қойылған: Райкулов Д. М., 22.10.2017

№ 615 санды 15.02.2017 жылғы сарапшының қорытындысына қарағанда, «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»; «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»; «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» деген файылдар діни топтардың арасында ұлттық, діни алауыздықты қоздыру насихаттайтынын бекіткен.

Қызылорда қалалық № 2 сотының 02.06.2017 жылғы сот үкімімен А.Еримбетов ҚК-тің 174-бабының 1-бөлігімен, яғни ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып, ұлттық діни алауыздықты қоздыру белгілері бар ақпарат жеткізгіштерді таратқаны үшін кінәлі деп танылып бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Сот, жоғарыда аталған сот үкімімен А.Еримбетов «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»; «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»; «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» тақырыбында әлеуметтік желілерде таратқан файылдары діни топтардың арасында ұлттық, діни алауыздықты қоздыру насихаттайтыны дәлелденген деп табады.

ҚР АПК-тің 76-бабының 3-тармағына сай заңды күшіне енген сот үкімі мұндай азаматтық істі қарайтын сот үшін осы іс-әрекеттер орын алды ма және оларды осы адам жасады ма деген мәселелер бойынша да, сондай-ақ үкіммен белгіленген басқа да мән-жайларға және олардың құқықтық бағасына қатысты міндетті делінген.

Бұл тұрғыда, сот әлеуметтік желілерде таратылған «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»; «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»; «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» файылдар түрінде таратылған ақпараттық файылдар экстремистік деп танылып, бұл файылдардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салыну тиіс деп табады.

ҚР АПК-тің 117 -бабының талабына сай арызданушы мемлекеттік баж төлеуден босатылған себепті сот шығыстары республикалық бюджетке жатқызылу қажет.

ҚР АПК–тің 243-бабы 8-тармағына сай, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы сот шешімдері дереу орындалуға жатады.

ҚР АПК-тің 223-226, 378- баптарын басшыққа алып сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Арыз беруші Қызылорда облысының прокурорының ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салу туралы арызы қанағаттандырылсын.

«Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»; «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»; «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» файылдары экстремистік деп танылып, олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салынсын.

7-3-1/13354

ҚР АПК-тің 378-бабының талабына сай Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы соттың шешімі бұл туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның арнайы есепке алу жүйесіне қосу үшін негіз болады.

Сот шешімінің дереу орындалуын Қазақстан Республиксының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министірлігіне, Қазақстан Республикасының «Ақпарат және коммуникациялар министірлігі байланысы, ақпараттандыру және бұқарлық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетіне» жүктелсін.

Шешімге наразы жақтар осы сот аркылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облыстық сотына апелляциялық тәртіппен шағым немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші, судья Д. Райкулов

Көшірмесі дұрыс

Судья Д. Райкулов

Анықтама. Шешім заңды күшіне 27 қараша 2017 жылы енді

Судья Д. Райкулов

шнурланған,нөмірленген парақта
Судья Д.Райкулов

Құжатқа қол қойылған: Райкулов Д. М., 22.10.2017

4319-17-3-1/13354